

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін көлік құралы тіркелген аумақ бойынша коэффициенттерге түзету коэффициенттерін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 46 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 16 маусымда № 32827 болып тіркелді

### ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 43-бабының 18-1) тармақшасына, "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 3-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін көлік құралы тіркелген аумақ бойынша коэффициенттерге түзету коэффициенттерін есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараңың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Каржы нарығын реттеу және дамыту  
Агенттігінің Төрағасы

М. Абылқасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің  
Басқармасының  
2023 жылғы 7 маусымдағы  
№ 46  
Бекітілген

**Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру  
бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін көлік құралы тіркелген аумақ бойынша  
коэффициенттерге түзету коэффициенттерін есептеу қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін көлік құралы тіркелген аумақ бойынша коэффициенттерге түзету коэффициенттерін есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 43-бабының 18-1) тармақшасына, "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңы) 19-бабының 3-1-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін көлік құралы тіркелген аумақ бойынша коэффициенттерге түзету коэффициенттерін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) нақты шығындылық – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыйбы бойынша көлік құралын тіркеу аумағы бойынша шығындылықтың іс жүзіндегі көрсеткішін сипаттайтын коэффициент (бұдан әрі – көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру);

2) ағымдағы жылдың коэффициенті – көлік құралын тіркеудің әрбір аумағы бойынша есептелетін, ағымдағы жыл үшін түзету коэффициентінің түзетілуін көрсететін коэффициент;

3) түзету коэффициенті – көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу үшін көлік

құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициентке қолдану үшін көлік құралын тіркеудің әрбір аумағы бойынша есептелетін коэффициент.

**2-тарау. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін көлік құралы тіркелген аумақ бойынша коэффициенттерге түзету коэффициенттерін есептеу тәртібі**

3. Түзету коэффициенттерін есептеуді дерекқорын құру және жүргізу жөніндегі үйым (бұдан әрі - үйым) Қағидалардың 6-тармағына сәйкес есептелген нақты шығындылық туралы мәліметтердің негізінде жыл сайын, есепті жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қағидаларға сәйкес көлік құралы тіркелген әрбір аумақ бойынша жеке-жеке жүргізеді және әр жылдың қазан айының бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Түзету коэффициенттері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерінің нысаны бойынша қаржы нарығы мен қаржы үйимдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) беріледі.

4. Түзету коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Түзету коэффициенті} = \frac{(1 + \text{Ағымдағы жылдың Откен жылғы түзету коэффициенті}) * \text{коэффициенті}}{\text{коэффициенті}}$$

Откен жылғы түзету коэффициенті ретінде Қағидалардың 7-тармағына сәйкес уәкілетті орган откен жылға бекітken түзету коэффициентінің мөлшері қабылданады.

2023 жылғы түзету коэффициенті 1 (бірлік) мәнін қабылдайды.

5. Ағымдағы жылдың коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

Ағымдағы жылдың коэффициенті		Н а к т ы шығындылық -	Таргеттелетін шығындылық	Анықтық факторы
		=	----- *	
			Таргеттелетін шығындылық	

Ағымдағы жылдың коэффициентін есептеу кезінде Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңының 19-бабының 3-1-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін және әрбір жылдың қыркүйек айының оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей оның ресми интернет-ресурсында жарияланатын таргеттелетін шығындылық пен анықтық факторының мөлшерлері пайдаланылады.

6. Накты шығындылық мына формула бойынша есептеледі:

Накты шығындылық		Сақтандыру төлемдері	100%
		=	
		----- *	
		Сақтандыру сыйлықақылары	

Накты шығындылық есепті жылдың алдындағы қатарынан 12 (он екі) ай ішінде күшіне енген сақтандыру шарттары бойынша көлік құралын тіркеудің әрбір аумағы бойынша ай сайын жеке есептеледі және оны үйым есепті айдан кейінгі айдың бесінші

жұмыс күнінен кешіктірмей Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Нақты шығындылық туралы мәліметтер" әкімшілік деректерінің нысаны бойынша" уәкілетті органға береді.

Нақты шығындылықты есептеу үшін пайдаланылатын сақтандыру сыйлықақылары сақтандыру шарттарын бұзуға байланысты шығыстарды ескере отырып, есепті жылдың алдындағы қатарынан 12 (он екі) ай ішінде күшіне енген сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары ретінде есептеледі.

Сақтандыру төлемдері есепті жылдың алдындағы қатарынан 12 (он екі) ай ішінде күшіне енген сақтандыру шарттарына қатысты болады.

7. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңын 19-бабының 3-1-тармағына сәйкес әрбір жылдың қараша айының оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті орган бекіткен және оның ресми интернет-ресурсында жарияланған түзету коэффициенттерінің мөлшерлерін сақтандырушылар Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңын 19-бабына сәйкес көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу кезінде көлік құралы тіркелген аумақ бойынша коэффициентті түзету үшін қолданады.

8. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңын 19-бабының 3-1-тармағына сәйкес сақтандырушы ұлғайтқан немесе азайтқан түзету коэффициенттерінің мөлшерлерін сақтандырушының директорлар кеңесі (сақтандырушы Қазақстан Республикасының-бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы болып табылатын жағдайда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті басқару органды) бекітеді және бекітілген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұйымға беріледі.

Түзету коэффициенттерінің мәнін түзетуді сақтандырушылар жылына бір рет жүзеге асырады.

9. Ұйым сақтандырушыдан Қағидалардың 8-тармағына сәйкес түзету коэффициенттерінің мөлшерін ұлғайту немесе азайту туралы ақпарат алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру жөніндегі бірыңғай дереккорда сақтандырушының түзету коэффициенттерінің мәндерін өзгертеді.

Сақтандырушы ұйымға түзету коэффициенттерінің ұлғаюы немесе мөлшерінің азауы туралы ақпаратты ұсынбаған кезде ұйым ағымдағы құнтізбелік жыл аяқталғанға дейін Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңын 19-бабының 3-1-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен түзету коэффициенттерін пайдаланады.

Көлік құралдары иелерінің  
азаматтық-құқықтық  
жауапкершілігін  
міндettі сақтандыру  
бойынша сақтандыру



6	Солтүстік Қазақстан облысы						
7	Ақмола облысы						
8	Павлодар облысы						
9	Жамбыл облысы						
10	Ақтөбе облысы						
11	Батыс Қазақстан облысы						
12	Қызылорд а облысы						
13	Атырау облысы						
14	Манғыста у облысы						
15	Абай облысы						
16	Ұлытау облысы						
17	Жетісу облысы						
18	Алматы						
19	Астана						
20	Шымкент						

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Электрондық поштаның мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефон)

Бірінші басшы немесе нысанға қол қоюға уәкілдettі адам

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Нысанға қол қою күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

Түзету коэффициенттері туралы  
мәліметтерге қосымша

"Түзету коэффициенттері туралы мәліметтер" әкімшілік деректердің нысанын толтыру  
бойынша түсіндірме (индекс - 1 – СВ\_Y, мерзімділігі – жыл сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Түзету коэффициенттері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйым жыл сайын құрады.

3. Нысанға орындаушы және бірінші басшы не оған қол қоюға уәкілетті адам қол қояды.

## **2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

4. Түзету коэффициенттері туралы мәліметтердегі сандардың мәндері үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

5. 3-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктегіші (ӘАОЖ) бойынша көлік құралдарын тіркеу аумағының коды көрсетіледі.

6. 4-бағанда Қағидаларға сәйкес есептелген көлік құралдарын тіркеу аумағы бойынша нақты шығындылық көрсетіледі.

7. 5-бағанда Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген таргеттелетін залалдылықтың мөлшері көрсетіледі.

8. 6-бағанда Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген анықтық факторының мөлшері көрсетіледі.

9. 7-бағанда Қағидалардың 5-тармағына сәйкес есептелген, ағымдағы жылғы коэффициенттің мөлшері көрсетіледі.

10. 8-бағанда Қағидалардың 4-тармағына сәйкес есептелген, өткен жылғы түзету коэффициентінің мөлшері көрсетіледі.

11. 9-бағанда Қағидалардың 4-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентінің мөлшері көрсетіледі.

Көлік құралдары иелерінің  
азаматтық-құқықтық  
жауапкершілігін  
міндетті сақтандыру  
бойынша сақтандыру  
сыйлықақысын  
есептеу үшін көлік құралы  
тіркелген  
аумақ бойынша  
коэффициенттерге  
түзету коэффициенттерін  
есептеу  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Қайда ұсынылады: Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға Әкімшілік деректердің нысаны: [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Экімшілік деректер нысанының атауы: Тұзету коэффициенттері туралы мәліметтер  
 Экімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-сандық көрінісі): 2 – СВ\_М Мерзімділігі: жыл сайын Есепті кезең: 20\_\_жылғы "\_\_\_"  
 жағдай бойынша Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым Экімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын, қазанның бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

### **Нақты шығындылық туралы мәліметтер**

№	Көлік күралын тіркеу аумағы	Экімшілік-аумақ т ы қ объектілердің жіктегіші бойынша (ӘАОЖ) көлік күралын тіркеу аумағының коды	Сақтандыру сыйлықақысы	Сақтандыру төлемдері	Нақты шығындылық
1	2	3	4	5	6
1	Алматы облысы				
2	Түркістан облысы				
3	Шығыс Қазақстан облысы				
4	Қостанай облысы				
5	Қарағанды облысы				
6	Солтүстік Қазақстан облысы				
7	Ақмола облысы				
8	Павлодар облысы				
9	Жамбыл облысы				
10	Ақтөбе облысы				
11	Батыс Қазақстан облысы				
12	Қызылорда облысы				
13	Атырау облысы				
14	Маңғыстау облысы				
15	Абай облысы				
16	Ұлытау облысы				

17	Жетісу облысы			
18	Алматы			
19	Астана			
20	Шымкент			
Атауы		Мекенжайы		
Телефон				
Электрондық поштаниң мекенжайы				

Орындаушы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефон)

Бірінші басшы немесе нысанға қол қоюға уәкілетті адам

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Нысанға қол қою күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

Нақты шығындылық туралы  
мәліметтерге косымша

**"Нақты шығындылық туралы мәліметтер" әкімшілік деректерінің нысанын толтыру  
бойынша түсіндірме (индекс - 2 - СВ\_М, мерзімділік – ай сайын)**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Нақты шығындылық туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындауды.

2. Нысанды ай сайын дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қурады.

3. Нысанға орындаушы және бірінші басшы не оған қол қоюға уәкілетті адам қол қояды.

### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нақты шығындылық туралы мәліметтердің 4 және 5-бағандарындағы мәндер мың теңгемен көрсетіледі, 500 (бес жұз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жұз) теңгеге тең және одан да жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді. 6-бағанындағы сандардың мәні үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

5. 3-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктегіші (ӘАОЖ) бойынша көлік құралдарын тіркеу аумағының коды көрсетіледі.

6. 4-бағанда Қағидалардың 6-тармағына сәйкес сақтандыру сыйлықақыларының мәндері көрсетіледі.

7. 5-бағанда Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген сақтандыру төлемдерінің мәндері көрсетіледі.

8. 6-бағанда Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген нақты шығындылық мәні көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК